







Пролетарии всех стран, соединяйтесь!



ПОЧЕТНАЯ ГРАМОТА

ЦЕНТРАЛЬНЫЙ КОМИТЕТ ВЛКСМ

награждает

САДЬОКАСОВУ ШАМИЮ САДЬОКАСОВУ -

ветерана комсомола 50-х годов.

Амангельдинский район.

за заслуги перед комсомолом
и в связи с 60-летием Всесоюзного
Ленинского Коммунистического
Союза Молодежи



ЦК ВЛКСМ



1945

1985

УВАЖАЕМЫЙ
САДВОКАСОВА ШАМШИИ

Горячо поздравляем Вас с 40-летием
Победы советского народа в Великой Отече-
ственной войне 1941—1945 гг.

Выражаем сердечную благодарность за
активное участие в работе Всесоюзного об-
щества «ЗНАНИЕ».

Желаем Вам доброго здоровья, успехов
в общественно-политической и трудовой
деятельности.

Правление Всесоюзного
общества «Знание»

Ордена
Всесоюзное

Ленина
общество

«ЗНАНИЕ»

АРДАГЕР АЙТҚАН АМАНАТ

Ұлы Жеңіс үшін күрескен қадірлі ардагерлеріміздің қатары жылдар зымыраған сайын сиреп келеді. Ал оқ пен оттың арасынан аман оралған аялдарымыз саусықпен санарлық қана. Сондай ардақты аналарымыздың бірі Шәмшия Садуақасова Торғай облысы, Аманкелді ауданының орталығындағы халық батыры Аманкелді Имановтың мемориалдық музейінде көп жылдан бері еңбек етеді.

— Батыр ағамызға қатысты осы экспонаттардың біразын ел аралап жүріп жинадым, — дейді Шәмшия алая мақтаншыпен музейді таныстыра жүріп. — Ендігі тілек — кейінгі ұрпақ тарих тұлғасын осынау көне мүліктердің қадіріне жетіп, қастерлеп жүрсе болды да...

— Қыпғыз, шайшаң қимылдайтын орта бойлы, топылша келген алая жасы ұлғайса да табиғат сыйлаған сүсімділігін жоғалтпаған ауылы жан екен, Алабөтен әңгімешілдігін айтсаңызшы! Нұрлы жанарында сөзім сөзделері ойнап, маңда қоңыр дауыспен әр сөзіне мені бәре айтқан әңгімесі тыңдаушысын есте жалықтырмайды.

— ...Соғыс басталғанда біз Новокузнецк қаласында тұрдық. Мен анамнан жастай жетім қалып, әжемің қолымда естім. Соғыстың алғашқы араларында әкем және төрт ағам майданға аттанды. Жылап-сықтап әжемің екеуіміз қалдық. Онжылдықты бітірген жылым, Ер-азаматтың бәрі майданға аттанып жатыр. Күн сайын бірнеше танысымызды шығарып саламыз. Бір күні вокзалдан қайтып келе жатқанымызда Маша деген құрбым:

— Қыздардүбітіп күн сайын қайғы жұтып, мұң көшкенше өз еркімізбен майданға аттанайық, — деді. Бұл ұсыныс бәрімізге ұнады. Құрбыларымыз шетінен әжет қыздар еді, күнде әскери комиссариаттың есігін тоздырып, жасымызды өсіріп, спортшы ененімізді айтып, қордаққоймай жүріп майданға аттануға рұқсат алдық.

Алай әңгімесін үзіп, бір сәт әлденені есіне алғанда ойланпай қалды.

— Адамның өмірінде ешқашан ұмытылмайтын сәттері болады, — деді әңгімесін жалғап. — Алғаш зешелонға отырғанымыз әлі көз алдымда. Улап-шулап вагонға жақындаймын.



Шәмшия әжеңің бүгінгі бақытты шағы.

дадың, Құрбыларымыз мені қаулап: — Шәмшияш, ортамыздағы жалғыз қазақтың қызысың, бірінші сен вагонға мін, сенің жолың жеңіл болса, бізміз де аман ораламыз, — деп мені қолтығымнан демеп жіберді.

Москва қаласына әкеліп, бір-екі ай жаралыларды алғы шептен алып шығу, жарасатты таңап-байлау, автоматтан ату, граната лақтыру сияқты соғыс әліппесінің қысқа курсынан өткізді. Содан соң санитарлық бөлімшеде ұрыс дәлелімен жаралыларды госпитальға тасуға араласып кеттік. Жаралыларды жинап, машинаға тиеп, ондаған шақырым жердегі госпитальға жеткізудің қиындығын айтып жеткізу мүмкін емес, қараймын. Кейбір киноларда бомба мен снаряд жарылыстарының ортасында ауыр жаралыларды тасып қаршадай қыздар жүреді ғой, соны уәр де бізді көз алдыға елестет. Бәрінен де алғаш ұрыс даласын көрген сәтінді ұмыта алмаймын. Оң-дәрінің ісі мүлкіген айнала аласырап, қираған машиналар мен танктер, зеңбіректер... Жерді солқылдата түрс-түрс жарылған снарядтар, тынымсыз сарнаған автоматтар мен пулеметтер құтыңды қашырып, заренді ұшырады. Етегіңді бөліңе түріп алып, тұра қашуға шақ қаласың. Кенет ана жер, мына жерден «сестра, сестра» деген жалыншыты дауыстар құлағыңа келеді. Ұрейлене жан-жағына қарайсың, қарайсың



1945 жылдың октябрь айы. Люберцы қаласы. Жаңа ғана шаңырақ көтерген Көшенбай мен Шәмшияны құрбылары Розкова Мария, Казанцева Мария, Рязанова Валентина Қазақстанның алыс түпкіріндегі туған ауылдарына шығарып салған еді. Бұл сурет сол сапар алдында түсірілген.

да жарақаттанған боздақтардың аянышты халін көзімнен көріп, жаңадан бетер зәрі-құтың қапмады. Бірақ есіді тез жинапсың. Бойыңа оқпалаған жерден қайрат, жігер пайда болып, қалай жанұшыра көмекке ұмтылғаныңды білмейсің. Осылайша оқ пен оттың арасында жат апасып жүргенде 1942 жылдың ақ шенінде Тула қаласының түбіндегі ауыр шайқаста снаряд жарынышығы қолымды жаралап, госпитальға түстім.

Үзілген әңгіме Шәмшия апайдың шаңырығына келген соң қайта жалғасты. Мәне сөздің реті келгенде, Көшенбай ағаймен майданда жүргенде танысып, соғыс аяқталған соң тұрмыс құрғанын естігенбіз. Екеуі бас уа өсіріп, көпіл түсіріп, әзірге он екі нөмірге сүйіп отырған сыйлы ата-ана. Құрыптайдың ұясындай үш бөлмелі, екі қатарлы көп пәтерлі үйде тұрады екен. Жас адамдар үшін жайлы шығар, бірақ жасы ұлғайған қарттарға мына сықырлауық баспалдақтармен жоғарыға түсіп-шығу оңай шаруа емес екен.

Шәмшия апай жергілікті жердің тарихи оқиғаларымен, аудан шаруашылығы мен мәдениетінен де жақсы хабардар. Жетістігін сүйініп, көпшілігіне күнініп, сонысын жасырмай айтып отыратын әдеті де бар екен. Дегенмен біз әңгімені бастапқы арнаға бүрдік.

— Госпитальдан кейін тағы да майданға аттандыңыз ба, ағаймен қалай таныстыңыз?

— Ой, ол бір өзінше әңгіме, — дейді апай әдемі жымылып. — Жә, бәрін ретімен айтайын. Госпитальдан жазылып шыққаннан кейін мені қайтадан санитарлық жұмысқа жібермеді. Мина жасау заводында жұмысқа күші жетпей жатыр деп Москва түбіндегі Серпухово қаласына қалдырды. Завод деген аты болмаса, мүлде да майдандағыдай, снаряд дүмпулері ап-анық естіліп тұрады. Ал біз уақытпен санаспай, күн мен түнді айырмай еңбек етіп, жау танкілерін, күлі қанға ұшыратып, мишалар жасай бердік. Станок жанынан жарты адым ұзамаймыз. Еңбек ететін жерімді де, демалатын орнымды да заводтың іші, күніне екі-үш нормадан орындауға тырысымыз. Ол кезде жұмыстан кешігу, боллашыны сылтау етіп ерте көтіп қалу деген болмайды. Қайта жұрттың бәрі өзгеріспен демалмастан жұмыс істеуге ұмтылып жатады. Бірде жасаған минамның сыртына, «Жауды жер қаптырып, өлтіре соқ! Шәмшия Сүлейнәзіна» деп жазып жіберді. Осы жазу кәдімгідей жігерлендіріп, бойыма күет бергендей болды.

— Екеуімізді таныстырып, жақындастырған да осы минадағы жазу болды, — деп әңгімеге Көшенбай араласты. — Бір күні минометті оқтан жатып, көзім жазуға түсіп кет-

ті. Әуелі таңданып қалдым, бұл заводта қазақтың қызы қайдан жүр деп. Дегенмен, тағдырға дауа бар ма, араға бір-екі жыл салып, 1944 жылы Москваға қамандыровкаға келгенімде осы Шекеңмен таныстым...

Әңгімені Шәмшия апай жалғастырды. — Жұмыс үстінде ән салғанды ұнататын едім. Ән жаныңды сергітіп, бойыңды жеңілдетіп тастайды. Ән салып тұрып туған жеріңді, анаңды, әжеңді, екеңді еске аласың, жаныңды қалт еткенде госпитальға барып, жаралы жауынгерлердің алдына шығып, концертте қойып жүрдік.

Апай ән туралы айтқанда біздің есімізге аудандық әйелдер советінің председатели Сәуле Дүтбаевамен әңгімеміз есімізге түсті:

— Шәмшия апайды барыма құрмет тұтамыз, — деген әді ол есе биризалықпен. — Жасы ұлғайса да қоғамдық жұмыстан қалыс қалып көрген емес. Қашан да жақсы істің басында әді ұйытық болып жүреді. Осы күнге дәлелі сақнаға шығып ан айтты. Әсіресе апай «Огонек» пен «Синий платонекті» айтқанда соғыстан кейінгі ұрпақтың өкілі—біздің өзіндік де көрмет әсерге бөленеміз.

— Бұл әндер менің майданда сөріктерім ғой, — дейді апай. — Осы әндерді айтқанда сонау сұрапыл со-

тос-жандардың өмір-нағастық шағына қайта ораламын. Майданнан оралмаған өкемді, төрт ағамды еске аламын. Бұл әндер менің жан дүниемді қозғайды, жүрегіме мұң мен сәгынш ұялатады, әрі жеңілденіп, жасырып қаламын. Совет Одағының барлық семьясы сияқты біз де соғыс тақсиретін тартудай-ақ тартқанбыз. Көшенбайдың әкесі де соғысқа бастан-аяқ қатысқан адам. Қартайған шағында намаз оқитын. Онсы елден ерекше болатын. Тізерлеп отырып, ұзақ уақыт дауысын шығармай күбірлеп болған соң өкі жанына ама-көзек қаранып «Маруся, Маруся» деп бірнеше рет қайталайтын. Бір күні:

— Ата, осы сіздікі Марусяңыз кім?

— деп сұрады.

— Әй, балам-ағ, олімнің құтқарушым ғой. Шынашақтан ғана орныс қызы. Оқ типі, суға көтіп бара жатқан жерімнен алып шықты, — деп екітіп отырушы еді.

Кейінгі ұрпақ біле бермейді ғой, ел басқа, қиратпай өкпелген соғыс қызын шақта қалың пен талықты, ұлт пен ұлтты ақырамайста мәңгілік туыс етті. Сол ұлы достығымыз бен туысқандығымыздың нығайып, көркеніп, өркендеп түсуі, мына кейінгі ұрпақ — еzedеріңе аманат.

Гүлсім МҰҚЫШЕВА,

Торғай облысы, Аманкелді селосы

ЖАРИЯЛЫҚ Жер салып, қайта құру қанат жайған кезеңдегі рәдәңция почтасындағы хаттардың айтар оны да уақыт тынысымен туыстасып жатқанда.

Еңбекшілер көз алдында өтіп жатқан өрелі өзгерістерге үн қосып қана қоймай, өздерін көптен толғандырып жүрген туымды пікірлерін, ұтымды ұсыныстарын жұртқа жеткізуге асығады. Хаттар табиғатына тән тағы бір жаңалық — әр нәрсені өз өзімен атап, түсімен түстеуге тырысушылық.

Соғыс, еңбек, партия арагерлері — қайта құру кезеңінің әр қадамын құлтаты отырып, әрбір совет адамы өз еңбек ететін жұмыс орнында, көпшілік орындарда қоғамымызға жет, келеңкөлі көріністердің қай-қайсысына да жол бермеуге шықырып, мәсқүмдік пен алкоголизмге, еңбексіз табыс пен қоғам байлығын талан-таражға салушыларға ықпалдан көшіріп берілемесін деп жазыды. Сонымен қатар совет саясатының беріктігін қолдайтын хаттар да көп. Қостанай қаласының тұрғыны К. Құршбекова, Жамбыл облысының Луговой ауданының Е. Жанысбаева некесіз сабырды дүниеге әкелуі етек алып бара жатқан құбылыс екенін қынжыла жазды. Әкесіз не анасыз екені соған қалай болғанда да бір құшақтың жылы жетпей тұрады емес пе! Ал біржасты тәрбиенің тұздығы кеңдеу соғып жататын түстерін жасырып қайтмаз, — дейді олар.

Бұқараман байланыс бөкіген сайын, қоғамдық демалуымыздың күрделі проблемалары күрт азайып, басқару органдарының беделі биіктей түседі. Бүгінгі қайта құру кезеңінде еңбекшілердің мәдени-тұрмыстық қызмет ету салаларына нақтылы нәрзсылық білдірген хаттар көптеп түсуде. Сонымен қатар хаттардың бір тобы — кейбір лауазымды адамдардың халық мұқтөміне көз жұма қарап, пайдамы пікір айта алмайтынын, шешім қабылдау қабілеттерінің кемдігін, көу-көрсіз қысыр сөзбен шығарып салу салтының сирек болса да кездесіп қалатындығын қынжыла хабарлайды.

Жезқазған облысы Ағалыр ауданы Мыңбөве атындағы совхоздың тұрғыны Әбдіресілова Шақат тұратын үйінің төбесі құлап қалғандығын, жөндеу жұмыстарын жүргізбесе тұруға мүмкін еместігін совхоз директорына айтып көмек сұраған болатынын деп жазды. Совхоз директоры шаруашылық жөніндегі орынбасарына нұсқау бергені де алты айдан асты, біресе «жаңа үй береміз», біресе «жөндеу жүргіземіз» деген түлкі бұлаңмен міне, қыс та келді. Аудан мен совхоз аралығында сергеленген түсіп, талай кеңсе есіктерін тоздырдым, қыстың көзі — қырауда, төбесі ашық үйде қалай тұрамыз деп көмек сұрады.

Ақтөбе облысы Мұғаджар ауданының бір топ тұрғындары ауданда қалыққа тұрмыстық қызмет ету жағының тым нашар екенін, бір де бір аяқ киім жөдел жөндеу пунктін жоқтығын,

Садуақасова Шәмшия

1922 жылы Ресейдің Новокузнецк қаласында туған.

Анасынан жастай жетім қалып, әжесінің қолында

тәрбиеленген. Соғысқа әкесі мен төрт ағасы бірдей

аттанған. Күн сайын таныстарын соғысқа шығарып салып

келе жатқанда құрбысы Маша «бізде соғысқа барайық»-

деген ұсыныс айтады. Шетінен өжет құрбыларымен бірге

жастарын өсіріп айтып, шымыр екендерін, спортшы

екендерін айтып күнде әскери комиссариаттың есігін

тоздырып жүріп майданға аттануға рұқсат алған. Мәскеу

қаласында бір — екі ай жаралыларды алғы шептен алып

шығу, жарақатты таңып-байлау, автоматтан ату, граната

лақтыру сияқты соғыс әліппесінің қысқа курсы аяқтаған.

Содан соң санитарлық бөлімшеде ұрыс даласынан

жаралыларды госпитальға тасуға араласады. Оқ-дәрінің

иісі мұңкіген дала, қираған машиналар мен таңкілер,

зеңбіректер, гүрс-гүрс жарылған снарядтар, тынымсыз

зарлаған пулеметтердің ортасында «сестра, сестра» деген

дауыстарға жүгіріп жүріп ерлік көрсеткен. Осылайша оқ

пен оттың ортасында жанталасып жүргенде 1942 жылдың

аяғында Тула қаласының түбіндегі шайқаста снаряд жарқыншағы қолын жаралап, госпитальға түскен. Госпитальдан жазылып шыққанан кейін санитарлық жұмысқа жібермей, мина жасау заводына жұмыс күші жетпей жатыр деп мәскеу түбіндегі Серпухово қаласына қалдырған. Жау танкісінің күлін көкке ұшырататын миналар жасайды. Сондай бір жасаған минаның сыртына «Жауды жер қаптырып, өлтіре соқ! Шамшия Сұлтанғазина» деп жазып жібереді. Бұл мина майдан даласында минометті оқтап жатқан қазақ жігіті Көшенбайдың көзіне түседі. Бұл заводта қазақтың қызы қайдан жүр деп таңқалады да қояды. Тағдырдың жазуымен 1-2 жылдан кейін 1944 жылы Мәскеуге комардировкаға келгенде Шамшиямен танысады. 1945 жылдың күзінде отбасын құрады. Майдангер қыз соғыстан кейін Аманкелді ауданында аудандық мұражайда көп жыл жұмыс істеген. Соғыстағы ерліктері үшін «Отан соғысы», «Жауынгерлік еңбегі үшін» және бірнеше мерекелік медальдармен марапатталған.